



Атамыздың ерлігі



Атамыздың соғыстағы кезі

Атамыз Қайыргелді Есенәлинов әскер қатарына 1939 жылы шақырылады. Майданға 1941 жылы кіріп, 3-ші Украина майданында шайқасқан атамыздың әскери шені старшина болыпты.

Бірде командир оған «тіл» әкелуге тапсырма береді. Қараша айы, мұздың жаңа қатып жатқан кезі екен. Атамыз бен оның қаруластары үлкен қиыншылықпен жау жаққа өтіп, күзеттегі неміс солдатын өлтіреді де, жау блиндажына шабуыл жасайды. Сөйтіп, қаннен-қаперсіз ұйықтап жатқан неміс офицерін тұтқындайды. Ал штабтағылар неміс офицерінен маңызды мәліметтер алады. Осы ерлігі үшін атамыз «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған.

Атамыз неміс басқыншыларынан Румынияны, Болгарияны, Югославияны, Венгрия

мен Австрияны азат етуге қатысқан. Одер өзенінен өтіп, жеңісті Кенигсберге қарсы алған. I және II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Георгий Жуков» медалімен, «Гвардия» белгісімен, «Будапешті азат еткені үшін» медалімен, Сталиннің мақтау қағазымен, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 30, 40, 50 жылдығына арналған мерейтойлық медальдармен марапатталған. Бейбіт өмірде еңбек ардагері атанып, «Ерен еңбегі үшін» медалін тақты.

Әжеміз Нұрсипат Есенәлинова болса еңбек ардагері. Соғыс уақытында 14 жасынан еңбекке араласып, кейін «Еңбек ардагері», «Социалистік еңбек жеңімпазы» белгілеріне ие болды.

Дидар Қайыргелдинов,
Зайыр Бекжан, немерелері



Атамыз Қайыргелді мен әжеміз Нұрсипат